**Қ. Мамытов атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде өткен «Білімге умтылу еңбексүйгіштік және отаншылдық» тақырынды өткен алғашқы қоңырау туралы**

**Мәлімет**

Мектебімізде 1 қыркүек білім күні қарсаңында, 09:00-09:40 уақыт аралығында «Білімге умтылу еңбексүйгіштік және отаншылдық» атты алғашқы қоңырау салтанатты жиыны болып өтті.Салтанатты жиынға адами әлеуетті дамыту бөлімінің әдіскері Қарсыбаева Гүлжан апай қатысты, мерекелік іс-шара Қазақстан Республикасының әнұранымен басталып концерттік бағдарламамен жалғасын тапты. Мерекелік іс- шара барысында мектебімізге 1997 жылы 24 қараша күні Кеңес одағының батыры Қосан Мамытов атамыздың есімі берілді. Сол кезеңнен бері мерекелік іс-шарада ескерткішіне гүл шоқтарын қою игі дәстүрге айналды. Батыр атамызға биыл 100 жыл толуына орай гүл шоқтарын қою мектебіміздің 11 сынып оқушысы дзю-до, таеквондо күресінің Республикалық II дүркін чемпионы Өмірбек Гүлназ бен 11 сынып оқушысы оқу үздігі Оңалбек Дәуренге рәсімі берілді. Мерекелік іс-шарадан кейін оқушылар барлығы сынып кабинеттеріне кіріп «Білімге умтылу еңбексүйгіштік және отаншылдық» тақырыбында тәрбие сағаттарын өтті. Мектеп табалдырығын жаңа аттаған 1 сынып оқушыларына мектеп психологтары сынып жетекшілерімен бірге мектеп АКТ залында балалар жылы қарсаңында даярлаған тренингтер өткізілді.




Сыңғырла,
күміс қоңырау






ТЕРЕҢ БІЛІМ
ЖӘНЕ
ҚАСИЕТ


Сыңғырла, күміс қоңырау!









https---m.facebook.
com-story.php-story

https---m.facebook.
com-story.php-story

Мектеп директоры: Қ. Қаратаев

Орындағандар ДТІЖО: М. Тунгишбаев

Педагог ұйымдастырушы: Ж. Махамбетова

**Қ. Мамытов атындағы жалпы орта білім беретін мектеп оқушылары мен сынып жеткешілерінің карттар мерекесі қарсаңында, карттарымыздың үй шаруасына көмектескендігі туралы**

**Мәлімет**

04.10.2022 жылы Рухани адамгершілік тәрбие бағытында «Қарттарымызды қошеметтейміз!» акциясы барысында «Отбасы- мектеп» жобасы аясында. Мектебіміздің 9 сынып оқушылары, сынып жетекшілерімен бірге қарттарымыздың үйлеріне барып, қыстық тамызық отындарын дайындап берді. Сонымен қатар ауласын ретке келтірді. Мектептің 8 сынып оқушылары ауылымыздың карияларына алдын ала дайындап қойған құттықтау открикаларын таратып баталарын алып қайтты.












**Мектеп директоры:** **Қ. Қаратаев**
**Орындағандар ДТІЖО:** **М. Тунгишбаев**
**Педагог ұйымдастырушы:** **Ж. Махамбетова**

**Қ. Мамытов атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде ұлттық тәрбие бағытында өткен кітаптар көрмесі туралы**

**Мәлімет**

15.11.2022 жылы мектебіміздің кітапханасында «Теңге-Қазақстанның үміті мен өмірінің символы» ұлттық теңге күніне арналған кітаптар көрмесі өткізілді.




БУКВАРЬ
Оқу инемен құдық қазғандай
Кітап көрмесі






Мектеп директоры: Қ. Қаратаев

Орындаған ДТІЖО: М. Тунгишбаев

Педагог ұйымдастырушы: Ж. Махамбетова

**«Қ. Мамытов атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде өткен жаңа жыл мерекесі туралы**

**Мәлімет**

Көп мәдениетті және көркем эстетикалық тәрбие бағытында «Бала театр» жобасы аясында «Қош келдің жаңа жыл» Жаңа жылдық мерекелік кеші өткізілді.

















Мектеп директоры: Қ. Қаратаев

Орындағандар ДТІЖО: М. Тунгишбаев

Педагог ұйымдастырушы: Ж. Махамбетова

**Қ. Мамытов атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу бағытында 14.01.2023 жылы өткізілген өзін-өзі басқару мүшелерінің отырысы туралы**

**Мәлімет**

14.01.2022 жылы мектептегі Оқушылардың өзін-өзі басқару мүшелерінің отырысы болып өтті. Жиналысты мектеп директорының тәрбие ісі жөнінен орынбасары М. Тунгишбаев ашып, оқушылардың 2022-2023 оқу жылындағы бірінші тоқсан барысындағы жақсы жақтарымен жаман жақтарына тоқталып кетті. Келесі сөз кезегін алған мектеп бастауыш коммитетінің төрағасы Қ. Құралбаев оқушылардың өзін-өзі басқару мүшелерінің жұмыстарын толықтырып кетті. Сөз кезегін мектеп президенті  жалғастырды оқушылар тарапынан мектепте спорттық ойындарын жандандыру қажетігіне тоқталып кетті.









Мектеп директоры: Қ. Қаратаев

Орындағандар ДТІЖО: М. Тунгишбаев

Педагог ұйымдастырушы: Ж. Махамбетова

**Қ. Мамытов атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде көркем өнерпаздар байқауына дайындалу мақсатында өткен «Екі жұлдыз-2023» байқауы туралы**

## Мәлімет

Қ. Мамытов атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде көркем өнерпаздар байқауына дайындық барысында 16.02.2023 жылы оқушылар арасындағы жарқыраған жұлдыздары бір сахнаға жиналған «Екі жұлдыз-2023» байқауы өткізілді. Оқушыларымыз әділқазылардың да, көрермендердің де көңілінен шыға білді, бойындағы талантарын таразыға салып, қырандай қалықтаған ән би өнерлерімен көрінуі бағының жанып, бабының келіскені деп ұғамыз. «Екі жұлдыз-2023» байқауына қатысқан өнер десе, қанатын өрге сүйрететін өнерпаз жұптардың көктем мерекесінің алдында өткізген байқауы өз мәресіне жетті. Жұлдызды жұптардың көк аспаның төрінде жұлдыздай жарқырап жүруіне тілектеспіз!






Ауыл
жылы


Ауыл
жылы


Ауыл
жылы


Ауыл
жылы


Ауыл
жылы


Ауыл
жылы




Мектеп директоры: Қ. Қаратаев

Орындағандар ДТІЖО-ры: М. Тунгишбаев

Педагог ұйымдастырушы: Ж. Махамбетова

**Қ. Мамытов атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде 17.03.2023 жылы ұлттық тәрбие бағытында «Қош келдің әз-наурыз» мерекесі өткізілгендігі туралы**

**Мәлімет**

17.03.2023 жылы мектеп тәрбие одағының жылдық жоспарына сәйкес, наурыз мейрамына арналған мерекелік іс-шарасы өткізілді. «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар бағдарламасы». «Дәстүр мен ғұрып» жобасы аясында «Қазақстанның салт-дәстүрлерінен» бейнероликтер түсіріліп, презентациялар жасалынды. Сонымен қатар алдын ала дайындалған шақыру қағаздары мектеп ардагер ұстаздарына таратылып, мерекелік дастарханға қатысты.




СТАН.
БІРЛІКТЕ»
НАУРЫЗ!»












Мектеп директорының м.у.а: Т. Бекбосынов.
Орындағандар ДТІЖО: М. Тунгишбаев
Педагог ұйымдастырушы: Ж. Махамбетова

**Қ. Мамытов атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу бағытында өткізілген жиналыс туралы**

**Мәлімет**

**13.04.2023 жылы Оқушылардың өзін-өзі басқару мүшелерінің отырысы болып өтті. Оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымының негізгі мақсаты – оқушылардың мектепті басқаруға қатысу құқықтарын жүзеге асыру, жарқын ұйымдастырушылық қасиеттері бар жеке тұлғаны тәрбиелеу, өз бетімен шешім қабылдай алатын, жауапты және тәртіпті, дербес таңдау жасауға дайын, белсенді өмірлік ұстанымы қалыптасқан қабілетті көшбасшы тәрбиелеу болып табылады.**

**Ұйымдастырылатын шаралардың негізгі бағыттары спорт, әлеуметтік жұмыс, мәдени, жауапкершілікті арттыруға, тұтынушылық қатынас жоюға негізделген. Ұйым құрамындағы әрбір оқушы өз бағытының үздігі. Жұмыс жасау барысында біз оқушылардың мүдделерін қорғап, ойларын ескереміз. Мектеп өмірінің қызықты, әрі әсерлі өтуі өзін- өзі басқару ұйымының белсенді жұмыс жасауына тікелей байланыста. Бұл бағытта аянбай еңбектеніп, үнемі жаңашылдыққа ұмтыламыз деп уәде береміз! Осы орайда мектеп оқушылары яғни ұл балаларымен жиналыс өткізілді.**











Мектеп директоры: Қ. Қаратаев
Орындаған ДТІЖО: М. Тунгишбаев
Педагог ұйымдастырушы: Ж. Махамбетова

**Қ. Мамытов атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде өткен сыңғырла соңғы қоңырау салтанатты іс-шарасы туралы**

**Мәлімет**

Қ. Мамытов атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде 01.06.2023 жылы сыңғырла күміс қоңырау салтанатты жиыны өткізілді. Салтанатты жиынға Аудандық адами әлеуетті дамыту бөлімінің кәсіподақ комитетінің төрағасы Ғ. Мырзалы қатысты. Салтанатты жиынды мектеп директоры Е. Адылбеков ашып берді. Салтанатты жиынға осыдан 20 жыл бұрын мектептен үлкен өмірге қадам басқан түлектер қатысып, мектеп оқушыларына шәкірт ақы сый-сияпаттарын табыстады. Салтанатты жиын ән бимен жалғасын тапты. Мереке өз деңгейінде өткізілді.














Мектеп директоры: Е. Адылбеков

Орындаған ДТІЖО: М. Тунгишбаев

Педагог ұйымдастырушы: Ж. Махамбетова